Келер шақ көсемше формасы көсемшенің басқа формалары секілді негізгі етістіктің мақсаты мен орында тәсілін көрсететін қосымша іс-әрекетті білдіреді. Көсемшенің осы формасы негізгі етістіктің алдында немесе негізгі етістіктен соң да қолданылады.

Өткен шақ көсемше мен келер шақ көсемше қайталама қос сөз түрінде келіп, негізгі қимылдың жасалу дүркіндігін көрсетеді. Мысалы, көре-көре, күле-күле, бара-бара. Осылайша, көсемшенің қосарланып айтылуы бір жағынан сөз тудырушылық, екінші жағынан форма тудырушылық қызметте жұмсалатындығын көрсетеді.

Мақсатты көсемше негізгі етістікке –ғалы/-гелі, -қалы/-келі жұрнақтарының жалғануы негізінде жасалады. Мысалы, жаз-ғалы, кел-гелі, айт-қалы. Көсемшенің бұл түрі қалған көсемшелер секілді негізгі етістікке бағынышты, оның мақсатын, мезгілін білдіретін қосымша қимылды көрсетеді. Мысалы: Мәлдір халімді білгелі келді. Осылайша, негізгі етістіктің мақсатын білдіре отыра, сөйлемде пысықтауыш қызметін атқарады. Кей кезде негізгі етістіктің мезгілін де білдіруі мүмкін. Мысалы: Мәди демалысқа шыққалы келмей кетті.

Мақсатты көсемше отыр, тұр, жатыр, жүр секілді қалып етістіктерімен тіркесе келгенде, өзінің дербестік қасиетін жойып, күрделі етістікке айналып, қимылдың басталар кезін білдіреді. Мысалы, жүргелі тұр, айтқалы отыр.

Қазақ тілімен қоса басқа да түркі тілдерінің грамматикасында мақсатты көсемше күрделі етістікті келер шақ етістіктің бір түрі деп қарастырылады. (2 «Қазіргі қазақ тілі», Алматы, 1954 ж). Мақсатты көсемше келер шақты білдіргенімен, грамматикалық шақ емес. Айтқалы тұрмын, айтқалы тұрдым, айтқалы отырамын мысалдарында біріншісі – осы шақ, екіншісі – өткен шақ, үшіншісі – болжалды келер шақ формаларында. Үшеуі де айту деген негізгі істің басталар шағын көрсетеді. Сонымен, мақсатты көсемше тек қана келер шаққа жатпайды, оны басқа да шақтармен олдана аламыз.

Мақсатты көсемше екі түрлі қызметте жұмсалады. Алғашқы функциясы – жеке өзі сөйлем мүшесі бола алуы. Былай айтқанда, пысықтауыш қызметін

атқарып, бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы болады. Екеуі колхоздың қой фермаларын аралағалы кетті (Ғ. Сланов). Екінші қызметі – жатыр, жүр, отыр, тұр қалып етістіктерімен қатарласа келіп күрделі етістік формасын жасайды. Вася суретке түсуге барғалы жатыр екен (Ғ. Мүсірепов).

Өткен шақ және келер шақ көсемше формалары үш түрлі қызмет атқарады. Бірінші қызметі – сөйлемде дербес пысықтауыш және баяндауыш қызметін атқарады. Ол ұрандап тұрып жылады, жылап тұрып күлді (С. Мұқанов). Екінші қызметі – көмекші етістіктермен тіркесіп, күрделі етістік формасын жасайды. Біріміз айдауда, біріміз байлау-матауда күңірене ж.ріп, көне беретінбіз. (М. Әуезов). Өткен шақ және келер шақ көсемшенің жұрнақтарының (-п, -а/-е, -й) үшінші қызметі – грамматикалық шақ көрсеткіші рөлін атқарады.

Етістіктің грамматикалық категорияларының ішінде ең көлемді әрі қыры көп к.рделі түрі – есімше формасы. Есімше формасы функционалды етістікке жатқандықтан негізгі етістікке арнайы жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалып, белгілі функцияларды атқарады. Морфологиялық тұрғыда етістікке және сын есімге тән қасиеттерге ие бола алады. Алайда, есімше формаларының көсемше, тұйық етістік секілді басқа грамматикалық категориялардан айырмасы есім сөздер сияқты жалғау формасына ене алуы. Яғни есім сөздер сияқты септеледі, көптік, тәуелдік жалғауларын қабылдайды. Сонымен қатар, жіктеліп баяндауыш қызметінде жұмсалады. Есімшелердің есім сөздер сияқты қасиеттерге ие болғанымен, етістікке тән қимыл, іс-әрекетті білдіру қасиетін еш жоғалтпайды. Синтаксистік қызметіне келер болсақ, зат есімнен кейін келіп, сол заттың қимылдық сапасын, блгісін білдіреді. Осындай қасиетін Ыбрайым Маманов «атрибут мағынасында жұмсалы» деп атаған. Сонымен қатар, қазіргі қазақ тіліндегі есімшелерді мағынасына және тұлғасына қарай:

- 1 Өткен шақ есімше
- 2 Дағдылы есімше
- 3 Болжалды есімше
- 4 Ниет есімше
- 6 Осы шақ есімше

– деп бөлген.

Өткен шақ есімше етістік негіздеріне –ған/-ген, -қан/-кен жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. Барған, келген, т.с.с.

Өткен шақ есімше жалғаусыз зат есімнің алдында келіп оның бір іске қатысын, қимылдық белгісін білдіреді. Оқыған адам. Асқан ет. Бұл сөйлемдерде өткен шақ есімше формасындағы етістіктер мағынасы жағынан да синтаксистік қызметі жағынан да сын есімге ұқсайды. Алдында келген есім сөздің қимылға қатысын көрсетеді. Кей-кезде өткен шақ есімше қосымшаларсыз атау тұлғасындағы екі зат есімнің арасында да қолданылады.

Мысалы, ит өлтірген қасқыр – осы сынды тіркестерде әрекетті жасаушыны ажырату қиын болады. Мұндай кезде тіркескен сөздердің алдыңғы екеуі күрделі анықтауыш қызметінде жұмсалып, соңғысы анықталушы мүше болады.

Дағдылы есімше етістік негіздеріне –атын/-етін, -йтын/йтін жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады да зат есімнің алдында келіп анықтауыш қызметін атқарады. Мысалы қабатын ит, айдайтын машина.

Қазақ тіліндегі әрбір есімше формасы белгілі шақтық мағына білдіреді. Дағдылы есімше бұл жағдайда ерекшелік танытады. Өйткені оның шақтық көрсеткіші тұрақты емес. Сондықтан да кей еңбектерде оны ауыспалы өткен шақ, ал кей кезде келер шақ есімше ретінде қарастырады.

«Болжалды есімше – сөйлеушінің алдағы бір істің болу-болмауын болжай айтатындығын көрсететін етістіктің формасы» [3, 128 б.]. Дәл осылайша бір істің болып-болмауын көрсеті мақсатында негізгі етістікке –ар/-ер, -р жұрнақтарын жалғау арқылы, зат есімнің алдынан анықтауыш қызметінде қолданамыз. Мысалы, көрер қызық, айтар ән, естір жаңалық. Бұл тіркестер тілімізде көбіне тұрақты тіркес ретінде жұмсалады.

Ниет есімшені негізгі етістікке –мақ/-мек, -бақ/-бек, -пак/-пек, -мақшы/-мекші, -бақшы/-бекші, -пакшы/-пекші жұрнақтарын жалғау арқылы аламыз. Ескере кететін жайт, кейбір түркі тілдерінде, әсіресе түрік, өзбек, әзірбайжан, түркімен тілдерінде –мақ формантты етістіктер инфинитив, яғни етістіктің бастапқы формасы болып есептеледі. Ниет есімше де басқа есімше формалары сияқты етістер мен күрделі етістіктер негізінен жасалып, олардың қасиеттерін бйобына сақтай алады. Сонымен қоса, оның басқа есімшелерден ерекшелігі – болымсыз түрінің емес сөзімен тіркесу арқылы жасалуы. Мысалы, Абылғазы шақырмаса, жатақта келмекші емес еді (М.Әуезов). Ниет есімшенің септелуі, тәуелденуі басқа есімшелер сияқты жүйелі емес. Көптік жалғауының тіптен жалғанбайтын кездері де болады. Бұның өзі ниет есімшелерінің есім сөздерге қарағанда етістің сипаты басымырақ екенін көрсетеді.

Осы шақ есімше тұйық етістікке –шы/-ші жұрнағы жалғануы арқылы жасалады. Олар тек адамға қатысты қимылды білдіреді. Мысалы: келуші қонақ, айтушы адам. Есімшенің осы түрі жоғарыда айтып өткендей атрибут болып жұмсалады. Ослайша, кей жағынан дағдылы есімшеге ұқсас болады. Бұлардың бір айрмашылығы – дағдылы есімшенің қолданылу аясының кең болуы. Өйткені дағдылы есімше атрибутика тұрғысында жанды-жансыз есімдердің барлығымен тіркесе алады, ал осы шақ есімше тек қана адамдарға қатысты, яғни жасаушысы адам болған жағдайда ғана қолданылады. Қазақ тілінде осы шақ есімше тұлғасы екі түрде кездеседі: дара, сөз тіркесі ретінде.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе, жоғарыдағы етістіктің түрлері, яғни функционалды етістіктердің басқа етістіктерге тән қасиеттермен шектелмей, есім сөздер, сын есім сияқты басқа да сөз таптарының қасиеттерін иемденіп, сөйлемде бастауыш, пысықтауыш, анықтауыш ретінде жұмсалыуы – ол етістіктердің қолданылу аясын кеңейтіп, ерекшелендіре түседі. Функционалды етістіктер әр ситуацияда әр түрлі сипат алып, әр сөйлем мүшесімен, сөз табымен сәйкесінше байланысады. Бұл тұста оларды ағылшын тіліндегі етістіктердің ерекше non-finite form of verbs категориясымен сәйкестендіріп, оларды шектеусіз формадағы етістіктер деп атай аламыз. Өйткені, олардың қызметі мен қолдану аясы шектелмеген.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Исаев, С. М.** Қазақ тілі. – Алматы : Өнер баспасы, 2013. – 208 б.
- 2 **Оралбай, Н.** Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы : Инжу-Маржан, 2007. – 390 б.
- 3 **Маманов, И.** Қазіргі қазақ тілі. – Павлодар, 2010. – 184 б.

Материал 17.09.18 баспаға түсті.

С. Г. Кузжакулова

Функциональные глаголы казахского языка. Виды и использование функциональных глаголов

Филологический факультет,
Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,
г. Астана, 010000, Республика Казахстан.
Материал поступил в редакцию 17.09.18.

S. G. Kuzhakulova

Functional verbs of Kazakh language. Types and usage of functional verbs

Faculty of Philology,
L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Astana, 010000, Republic of Kazakhstan.
Material received on 17.09.18.

В данной статье рассматриваются функциональные, морфологические и синтаксические разновидности казахских глаголов, кроме того дается описание и информация о функциональных

глаголах, способах формирования и использования. Статья написана на основе трудов выдающихся казахских исследователей, изучавших категорию функциональных глаголов на казахском языке таких как И. Маманов, Н. Оралбай, О. Жумагулова, Н. Т. Сауранбаев, Ж. Болатов, С. Исаев. Функциональные глаголы – это тип глаголов, которые несут не только характеристики глаголов, но также существительного и прилагательного. В предложении функциональные виды глаголов могут выполнять функцию не только сказуемого, но и подлежащего и определения. Таким образом, мы можем понять, что функциональные глаголы казахского языка имеют многогранность и дают возможность глубокому изучению. В данной статье говорится, что функциональные глаголы могут приравниваться non-personal types of verbs английского языка.

This article deals with functional, morphological and syntactical varieties of Kazakh verbs. Moreover, it gives description and information about functional verbs, the ways of formation and usage. The article was written on the basis of the works of outstanding Kazakh grammarians, who have studied the category of functional verbs in the Kazakh language, such as I. Mamanov, N. Oralbay, O. Zhumagulova, N. T. Sauranbayev, Zh. Bolatov, S. Isayev. Functional verbs are the type of verbs which can carry not only characteristics of verbs, but also nouns and adjectives. In syntactical term they can be used not only as predicate but also modifier. This article tells that we can equalize the functional verbs with non-finite verbs in English. The usage and types of functional verbs are very different. Therefore it allows to be studied deeper. The article is devoted to the functional verbs of the actual study of the grammar of the Kazakh language. Functional verbs are one of the phenomena that require multivariable investigation.

FTAMP 16.21.39

Л. С. Сабитова¹, А. К. Илеубаева²

¹доцент, PhD, Филология факультеті, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., 010000, Қазақстан Республикасы;

²магистрант, Филология факультеті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., 010000, Қазақстан Республикасы
e-mail: ¹leylasabitova@mail.ru; ²ileubaeva.aysulu@mail.ru

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЖҰМСАЛЫМДЫҚ ГРАММАТИКАСЫНДАҒЫ МОДАЛЬДЫЛЫҚТЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мақалада модальдылық категориясының жұмсалымдық грамматикадағы орны мен маңыздылығы сипатталады. Ш. Балли кезінен жете түрде зерттеле басталған бұл категорияның теориялық негіздері мен зерттелу тарихы қарастырылады. Теориялық негізді құрайтын ғалымдардың негізгі тұжырымдары көрсетіледі. Модальдылықтың лингвистикалық және логикалық аспектілері қарастырылады. Түркі тілдеріндегі модальдылықтың өзектілігі мен ұқсастықтары берілген. Қазақ тілінде модальдылықтың беру жолдарын қарастырған ғалымдардың теориялық негіздемелері мен зерттеудегі салғастырмалы бағыттар мен тәсілдемелер сараланады. Мақалада берілген теориялық негіздерге сүйене отырып, бұл категорияның қазақ тілінде, сондай-ақ басқа түркі тілдерінде соңғы жылдарда терең зерттеле басталуына байланысты, бұл зерттеу нысаны әлі де талдануы қажет деген тұжырым жасалады.

Кілтті сөздер: модальдылық, модальды сөздер, грамматикалық категория, жұмсалымдық грамматика, жұмсалымдық-мағыналық өріс.

КІРІСПЕ

XX ғасырдың көптеген лингвистикалық концепциялары негізінде грамматиканың, жалпы лингвистиканың жұмсалымдық жағы зерттеу дами бастады.

Қазіргі таңда жұмсалымдық грамматиканың маңызды зерттеу нысаны ретінде тілдегі аспектуалдық, предикаттық және модальдылық қарастырылады, себебі олардың тіл біліміндегі орны әлі күнге дейін айқындалмаған және жүйеленбен тілдік құбылыстар болып табылады.

Модальдылық ұғымы сонау Аристотель заманынан бері қарастырылып, кейін Ш. Баллидің еңбектерінде талданып келе жатыр. Қазіргі заманда бұл ұғым әлі көптеген ғалымдардың еңбектерінің нысаны, сонымен қатар модальдылықтың берілу жолдарының зерттелуіне қарамастан, қазақ тіліндегі оның орны грамматикалық категория ретінде анықталмаған. Түркі тілдерінде ол көбінесе салыстырмалы аспектіде зерттелуде. Қазақ тілінде бұл категорияның орнын анықтауға көптеген ғалымдар еңбек еткен, соның ішінде С. Құлманов зор үлесін қосқан, бірақ модальдылық грамматикалық категория ретінде әлі де қалыптаспады.

Сондай-ақ, модальдылық көпмағыналы категория болған соң, оны жете зерттеу қажеттілігі туындап отыр. Қазіргі лингвистикада модальдылық сан алуан жақтан зерттелуде, бұл құбылыстың қазақ тіліндегі, жалпы түркі тілдеріндегі зерттелу тарихы мен зерттеудегі жаңа тәсілдемелері даму үстінде, бірақ жүйелілік жағынан мәселелер әлі де туындап отыр. Модальдылық тілдегі орнына және сөйлеушінің қарым-қатынасын білдірудегі рөліне байланысты бұл категорияны зерттеу қажеттілігі туындап отыр.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Кез келген тілді сипаттау барысында оның жұмсалымдық жағы маңызды рөл атқарады. Жалпы жұмсалымдық грамматиканың негізі ретінде Л. В. Щерба, И. И. Мещаников, С. Д. Кацнельсон еңбектерін атап айтсақ болады. Жұмсалымды грамматиканың қалыптасуына батыстың А. Мартине бастаған француз лингвистикалық мектебі, Париж лингвистикалық ұйымы, ағылшын тілінің зерттеушілері М. Халлидей, С. Дик, И. Р. Гальперин, неміс зерттеушілері В. Шмидт мен В. Бектің және Ш. Балли еңбектерін жатқызуға болады.

Бүгінгі таңда А. В. Бондарко, М. А. Шелякин, В. Г. Гақ, Г. А. Золотова, М. В. Всеволодова, Н. Ю. Шведова сияқты ғалымдар тілді жұмсалымдық тұрғысынан арнайы зерттеу жұмыстарын жүргізуде.

Жұмсалымдық-мағыналық өріс (ЖМӨ) тілдік құралдар бірлігі мен ішкі мазмұннан тұрады. Малбақовқа сүйенетін болсақ, «ішкі мазмұн – белгілі бір семантикалық категория (модальдылық, аспектуальділік және т.б.) болса, тілдік құралдардың бірлігі дегеніміз – сол категорияны беруде қолданылатын лексикалық және грамматикалық құралдар» [1, б. 34].

Қазіргі таңда ЖМӨ семантикалық категориялар, соны беретін тілдік құралдардың бірлігінен тұратындықтан, әлемнің тілдегі бейнесімен тығыз баланысты. Өйткені жалпы адамзатқа тән әмбебап қырыққа жуық ұғымдық категорияның ұлт тілдеріндегі көрінісі біркелкі емес. Мәселен, қазақ тіліндегі модальдылыққа назар салсақ, бұл категория көптеген ғылым салаларында (философия, логика, лингвистика және т.б.) болғанымен, қазақ тіл біліміндегі орны әлі күнге дейін бұлыңғыр.

Тілдегі модальдылық тіл білімінде зерттелу өзектілігін жоғалтпаған феномен десек те болады. Оның жұмсалымдық қасиеттері, белгілері, типологиялық сипаттамасы және көрсеткіш формаларының семантикасы оны тілдік құрылудың бір бөлінбейтін классына жатқызуға жол бермейді.

Лингвистикалық сөздіктегі модальдылықтың анықтамасы: «модальдылық (modality – модальность) – сөйлеушінің айтылғанның мазмұнына, шындыққа деген қарым-қатынасын түрлі грамматикалық және лексикалық құралдар (интонация, модальдық етістіктер, жақ формасы және т.б.) арқылы беретін ұғымдық категория». Бұл лингвистикалық сөздікке сүйенетін болсақ, модальдылықтың етістікті (етістік арқылы берілетін модальдылық), болымсыз (мазмұны шындыққа жанаспайтын модальдылық), болжаулық (болжам ретінде келетін модальдылық), ирреалды (мүмкін емес, іске аспайтын мағына беретін модальдылық) түрлері бар екеніне көз жеткіземіз [2, б. 237].

«Модальдылық – сөйлем мазмұнындағы объективтік байланыстарды (объективтік модальдылық) және сөйлеуші көзқарасы тұрғысынан осы сөйлемнің мазмұнының айқындылық дәрежесін (субъективтік модальдылық) білдіретін тілдік категория» [3, б. 267].

Модальдылық категориясы тілдің әмбебап құбылысы екені анық. Себебі, ол тілдің түрлі деңгейлерінде (морфологиялық, синтаксистік және интонация арқылы) кездеседі. Модальдылық негізінен субъектінің объектіге, ақиқат, шындыққа деген сенімін, күмәнін, тілегін, болжамын, қалауын т.б. қатынасын білдіретін категория. Былайша айтқанда, сөйлеушінің сөйлемнің мазмұнына, сөйлемнің баяндалу мазмұнына деген қатынасы. Соның ішінде ақиқат шындыққа деген субъективтік көзқарасының көрінуі, себебі сөйлеуші сөйлеу оқиғасына, сөйлем мазмұнына және құрылысына әрқашан өз қатынасын немесе ойын білдіріп тұрады. Сонымен, бұл қатынасты модальдылық немесе сөйлеушінің ақиқат шындыққа деген қатынас деп атайды.

Модальдылықты жүзеге асыру аспектілерін зерттеумен көптеген ғалымдар айналысқан: А. В. Бондарко, В. Г. Адмони, Е. В. Пугачева, Д. А. Парамонова, Ф. Пальмер, Бархударов және т.б. Модальдылықтың лингвистикадағы рөлін, оның семантикалық маңыздылығын, тілде берілу тәсілдерін В. В. Виноградов (1950), Г. А. Золотова (1962), В. Г. Адмони (1973), Е. И. Беляева (1988), Г. П. Немец (1990), Л. В. Громоздова (2000), Е. Н. Базалина (2001) және т.б. ғалымдардың еңбектерінде айқын көруге болады. Ал модальдылықтың логикалық рөлін айқындайтын еңбектер қатарынан Ш. Балли (1955), Г. В. Колшанский (1975), В. З. Панфилов (1977), Ю. С. Степанов (1981), Ф. Пальмер (1986), В. И. Кириллова (2002) сияқты зерттеушілердің еңбектерін көруге болады [4].

Қазіргі лингвистикада бұл категорияны зерттеудегі формалды-грамматикалық (В. В. Виноградов, В. З. Панфилов), функционалды-

семантикалық (Ю. Д. Апресян), мәтін құрушы (В. В. Калимов) және коммуникативті-прагматикалық (И. П. Распопов) сияқты бағыттарда зерттеу нысаны болып келеді.

Батыстық тіл білімінде Шарль Баллидің концепциясы өте жоғары деңгейде бағаланатыны белгілі. Ш. Баллидің модальдылық концепциясында айтылған кез келген сөзде диктум (негізгі мағына) және диктумға деген сөйлеушінің интеллектуалды, ерікті және эмоционалды қозғарасты модус (модальдылық бөлігі) деп аталады. Зерттеушілер бұл концепцияның теориясын былай деп түсіндіруде: диктум кең мағынасында белгілі бір оқиғалардың, заттық жағдаятты (предметная ситуация) көрсетсе, модус диктумдағы субъектінің кім, не жайлы қай уақытта, кімге не айтқанын білдіреді деп түсіндіреді. Бұған сүйене отырып, Ш. Балли модальдылықты кең мағынада түсіндірді десек болады [5, б. 44].

С. Құлманов өз монографиясында ғалымдардың модальдылыққа берген мәртебесін көрсетеді: «1) синтаксистік; 2) лексика-грамматикалық; 3) грамматикалық; 4) семантика-грамматикалық; 5) ұғымдық; 6) семантикалық; 7) логика-грамматикалық; 8) функционалды-семантикалық; 9) коммуникативті-грамматикалық; 10) коммуникативті-синтаксистік; 11) коммуникативті-грамматикалық; 12) мәтін түзуші категория; 13) ойлау категориясы; 14) сөйлемнің бірнеше категорияларының жиынтығы; 15) деңгейаралық; 16) прагматикалық» [3].

Қазіргі таңда модальдылықты қазақ тіліндегі орнын анықтау мақсатында және оны басқа тілдермен салғастыра отырып зерттейтін ғалымдар қатарына Н. Оралбаева, Е. Жанпейісов, А. Ысқақов, А. Салқынбай, С. Құлманов және т.б. ғалымдар зерттеуде. Сондай-ақ, бұл категория түркологияда өзектілігін жоғалпаған, себебі түркі тілдерінде модальдылықтың берілу жолдары бір-біріне ұқсас болып келеді.

Барлық тілдерде кездесетін модаль сөздер тіл біліміндегі предикаттық және модальдылық құбылыстарымен байланысы өте терең. Қазақ тілінде модаль сөздер сөз таптарына кірмейді. Ал А. Ысқақов болса, модаль сөздер жайлы «Бұл сөздердің шығу төркіні, өз алдына категория болып қалыптасу ерекшеліктері мен жолдары, олардың қазіргі құрамы мен құрылымы және басқа морфологиялық (үстеу, одағай, шылау сөздермен), синтаксистік (қыстырма сөзбен, сөйлеммен, сөйлем мүшесімен) категорияға қарым-қатынасы мен арақатынасы, олардан бөлінетін ерекшелігі деген сияқты соны жатқан мәселелерді арнайы тексеруді, тиісті шешімін табуды қажет етеді» деген ой білдіреді [6, б. 44].

Модальдылық категориясының сөз таптарының қатарына қосылуы жайлы ғалымдар екі түрлі ойда. Мәселен Н. Оралбай бұл категорияны сөз таптарының қатарына жатқызбайды, өйткені модаль сөздердің саны

аз, аналитикалық форманттың құрамында модальдылық категориясының көрсеткіш болуына байланысты қосымшалар сияқты грамматикалық көрсеткіштер қатарында қалады деген ой түйіндейді [7, 63]. Ал Б. Қасым болса, керісінше ой түйеді, оның ойынша модаль сөздер «сөйлемге қосымша (модальдылық) мән қосады, сол себепті сөз табы ретінде қарастырылуы тиіс» [7, 212]. Б. Қасымның ойын қостайтын ғалымдар қатарынан А. Салқынбайды көруге болады. Ол: «тілімізде модаль сөздер бар, сондықтан оны бір сөз табы ретінде санау қажеттілік. Модаль сөздерді жеке сөз табы ретінде танытатын басты белгі – оның жалпы категориялық мағынасының болуы» деген дәлелдік ой айтады [8, б. 217].

Ал Е. Н. Жанпейісов өзінің зерттеу жұмысында қазіргі қазақ тіліндегі модальдық көбінесе рай категориясы, модаль сөздер және демеуліктер арқылы берілетінін анықтаған. Модаль сөздерді есім және етістікті деп 2 түрге бөлген. Осылардың кейбіреулері қыстырма сөз арқылы берілсе, қалғандары баяндау арқылы беріледі. Бұлар негізінен көпмағыналы болып келеді, сол себепті синонимдер сияқты қолданылады. Қазақ тіліндегі модаль сөздерді арнайы зерттеген ғалым Е. Жанпейісов олардың қатарына төмендегідей сөздерді жатқызады: сияқты, сықылды, секілді, сынайлы, сынды, тәрізді, іспетті, мүмкін, ықтимал, шамасы, тәрізі, әлпеті, мүмкін, асылы, қисыны, анығында, шынында, расында, рас, әрине, әлбетте, бәлкім, керек, қажет, тиіс, шығар, болар, -са(-се) керек, -у (-уға) керек, -уы (-уі) керек, -уы (-уі) тиіс, -у қажет, -ға, -ге ұқсайды және т.б. Модаль сөздердің грамматикаға ену барысында осындай 2 түрлі модаль сөздердің қолданысқа енуі қарқынды дамиды [9].

Қазақ тіл білімінің негізін салушысы А. Байтұрсыновтың еңбегінде болжау, өкініш сияқты мағыналар қазақ тілінің райлары арқылы берілетіндігін айтқан. Ол өзінің жұмысында рай категориясының 14 типін анықтап жазған [10]. Тіл білімінде модальдылықты берудің бірден бір жол – рай категориясы болып табылады. Көптеген тілдерде рай категориясы модальдылықтың функционалды-семантикалық тұтастығының өзгеріске ұшыраған морфологиялық көрсеткіші болып саналады.

Ал А. Н. Нұрмаханова болса, модальдылықты жалпы түркологияда қарастыра отырып, бұл категорияның морфологиялық, лексикалық және синтаксистік берілу жолдарын айқындаған. Қыстырма және қаратпа сөздер, одағай сөздер лексикалық амалдар ретінде қарастырылса, морфологиялық амалдар етістіктің шақтары, модальды демеуліктер, рай формалары арқылы беріледі және интонация мен сөздердің сөйлемдегі орын тәртібі синтаксистік тәсіл болып табылады [11].

Э. У. Илебаевтың ағылшын және қырғыз тілдеріндегі модальдылық категориясы және оның берілу жолдары зерттелген еңбегіне келетін

болсақ, модальдылықтың мазмұны, ерекшеліктері, берілу тәсілдерінің классификациясы берілген. Қырғыз тілінде модальдылық синтетикалық амал арқылы құрылған морфологиялық, ал ағылшын тілінде аналитикалық құрылымдар арқылы жасалатын синтактикалық тәсілдері негізінде жүзеге асады [12].

Түркі тілдеріндегі мүмкінділік модальдылығы мен оның берілу тәсілдерін зерттеген Г. А. Медетованы да айта кеткен жөн. Зерттеуші 2 түрлі түркі тілдер топтарын қыпшақ (қазақ және қырғыз) және қарлұқ (өзбек және ұйғыр) тілдерін салғастыра отырып зерттеген. Түркі тілдерінде модальдылық категориясын анықталмаған, алайда олардың берілу жолдары сан алуан. Бұл тілдерді зерттей отырып, тілдердің генетикалық ұқсастықтарымен қатар айырмашылықтарын айқындауға көмектесті, сонымен қатар, мүмкінділік модальдылығының берілу тәсілдерінің ерекшеліктері анықталды. Медетова Г. А. бойынша бұл категория грамматикалық, лексика-семантикалық және интонация тәсілдері арқылы беріледі. Модальды-болжамды модальдылығының семантикасы, этимологиясы мен қолданылу ерекшеліктері берілген. Ол модальдылық формасын берудің негізгі тәсілі ретінде модаль сөздер деп ой түйген. Бұл сөздер болжамдылықты ашық райда тұрып, кез келген шақтың формасын беруі мүмкін [13].

Модальдылықты мақұлдау және терістеу аспектісінде О. Толегенов зерттеген. Ол сөйлеуші айтылғанның шындыққа деген көзқарасын көрсететін грамматикалық қатынасын модальдылық деп атаған және мақұлдау мен терістеу типті модальдылықты негізгі деп қарастырған. Шындыққа тура қатынсты логикалық қатынас деп және осыған байлансты сөйлемдер болымды және болымсыз мағынада айтылуы мүмкін деген ойды ұстанған. Мақұлдау мен терістеу бір жағынан предикаттық, ал екінші жағынан модальдылық бола алады, себебі сөйлеуші ешқандай көзқарасын білдірмесе де, шындыққа деген ойын білдіреді [14].

З. К. Ахметжанова тілдегі модальды мағыналардың және аспектілік арасындағы маңызды байланысын атап көрсеткен. Интерруптивті (жарылып кете жаздады), фаллацивті (өлген болып жатты), гипотетикалық (жүргелі отыр), аккуративті емес (жаба салды), ілеспелі (жүре тұр), коммодтық (сұрап алды), консекутативті (келісімен, келе сала) сияқты 7 түрлі аспектуальды-модальды тәсілдерін анықтаған және сондағы модальдылықтың 2 түрін атаған: болып жатқан немесе атқаратын іс-әрекетке субъективті қатынасы және істің ирреалдылығы мен реалдығын атаған [15, б. 408].

Қазақ тіліндегі мүмкінділік модальдылығы С. Қ. Құлмановпен терең түрде зерттелген. Оны функционалды-семантикалық категория ретінде қарастырып, оның лексика-грамматикалық, морфологиялық, синтаксистік және контексті-мәтіндік берілу жолдарын зерделеген. Мүмкінділікті

темпоралдық және аспектуалдық категорияларымен ұштастыра отырып қарастырған. Сонымен қатар, модальдылықтың міндеттілік, қажеттілік типтерін де зерттеген [3].

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе, қазақ тіл білімінде ғылыми зерттеу жұмыстарының жаңашылдығына қарамастан, модальдылық ең аз зерттелген болып есептеледі. Ағылшын тілінде модальдылық қазақ тіліне қарағанда жоғары деңгейде зерттелген, сондай-ақ орыс тіл білімінде де бұны байқауға болады. Отандық тіл білімінде модальдылық категориясына арналған көптеген жұмыстардың болуына қарамастан, оның берілу тәсілдері жүйелі түрде зерттелмеген және оның аясы мен көлемі айқындалмаған. Бірақ түркологияда, қазақ тіл білімінде модальдылықты салғастырмалы аспектіде зерттеп, жаңа тәсілдемелер жок деп айта алмаймыз. Бұл зерттемелерге сүйене отырып, жаңа бағытта жұмыс жасап модальдылықтың грамматикалық категория ретіндегі орнын айқындау қажеттілігі әлі де бар. Сонымен қатар, модальдылықты синтаксистік тұрғыдан қарастырған кезде оның сөйлем құрау барысында орны және рөлі толықтай ашылмаған, сондай-ақ тілдегі берілу амалдары жүйеленбеген деген тұжырымға келеміз. Бұл категория ұзақ уақыттар бойы лингвистикада зерттеу өзектілігін жоғалтпайтыны анық.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Малбақов, М.** Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. 2–кітап. Алматы : Дайк-Пресс, 2011. – 828 б.
- 2 **Ахманова, О. С.** Словарь лингвистических терминов. – Изд. 3-е, стереотипное. – М. : КомКнига, 2005. – 576 с.
- 3 **Құлманов, С.** Модальдылық функционалды семантикалық өрісі. Жұмсалымды грамматика. – Алматы : «Мемлекеттік тілді дамыту институты», 2016. – 508 б.
- 4 **Сапарова, Д. В.** Деонтическая модальность и средства ее выражения в английском и русском языках (на материале нормативно-правовых актов) : филол.ғыл.канд. алу үшін дисс. автореф. – Алматы, 2005. – 32 с.
- 5 **Балли, Ш.** Общая лингвистика и вопросы французского языка. – М. : Эдиториал УРСС, 2001. – 416 с.
- 6 **Ысқақов, А.** Қазіргі қазақ тілі : Морфология. – Алматы : Мектеп, 1974. – 408 б.
- 7 **Оралбай, Н.** Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы : Инжу-Маржан, 2007. – 388 б.

- 8 **Салқынбай, А.** Қазіргі қазақ тілі. – Алматы : Эвро, 2008. – 462 б.
- 9 **Жанпейісов, Е. Н.** Модальные слова в современном казахском языке : автореф. ... канд. филол. наук. – Алматы, 1958. – 18 с.
- 10 **Байтұрсынов, А.** Тіл тағылымы. – Алматы : Ана тілі, 1992. – 446 б.
- 11 **Нурмаханова, А. Н.** Типы предложений по модальности и интонации в тюркских языках : филол.ғыл.докт. алу үшін дисс. автореф. – Ташкент, 1966. – 48 б.
- 12 **Илебаев, Э. У.** Сопоставительно-типологическое исследование категории модальности и средства ее выражения в английском и в кыргызском языках : филол.ғыл.канд. алу үшін автореф. – Алматы, 1997. – 20 б.
- 13 **Медетова, Г. А.** Модальность предположения и средства ее выражения в тюркских языках : филол.ғыл.канд. алу үшін автореф. – Алматы, 1982. – 19 б.
- 14 **Төлегенов, О.** Жалпы модальді және мақсат мәнді жай сөйлем типтері. – Алматы : Мектеп, 1968. – 180 б.
- 15 **Ахмеджанова, З. К.** Сопоставительное языкознание : казахский и русский языки. – Алматы : Альянс-2, 2005. – 408 с.

Материал 17.09.18 баспаға түсті.

Л. С. Сабитова¹, А. К. Илеубаева²

Особенности исследования категории модальности в функциональной грамматике казахского языка

^{1,2}Филологический факультет,
Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,
г. Астана, 010000, Республика Казахстан.
Материал поступил в редакцию 17.09.18.

L. S. Sabitova¹, A. K. Ileubayeva²

The research peculiarities of the category of modality in the functional grammar of Kazakh language

^{1,2}Faculty of Philology,
L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Astana, 010000, Republic of Kazakhstan.
Material received on 17.09.18.

В статье рассматривается теоретическая база категории модальности и подходы в ее изучении в казахском языке. Научная статья посвящена одной из актуальнейших и сложных проблем казахской функциональной грамматики, однако определение

модальности как грамматической категории до сих пор вызывает спор.

Основной идеей является выявление места и роли модальности в казахском языке и ее отношение к частям речи. Выделяются ученые, изучавшие категории модальности не только в казахском языке, но и в тюркологии, более того представляется ряд ученых, вложивших вклад в развитие этой категории. Дифференцируются типы модальности как объективная и субъективная. Таким образом, приведены виды передачи модальности в тюркских языках на основе традиционного и новых подходов в изучении модальности.

The article deals with the theoretical background and approaches to study the category of modality in the Kazakh language. The research is devoted to one of the most topical and complex problems of modern Kazakh functional grammar, which was a subject of special investigation, however, it could not help to identify modality as a grammatical category.

The main idea of scientific work is to identify the place and role of modality in the Kazakh language and its correlation to parts of speech. There was given a list of outstanding scientists who made a contribution to study this category not only in Kazakh language, but also in Turkology. This article discusses types of modality such as objective and subjective. As a result, there were found the transforming ways of modality on the base of traditional and new approaches.

Ф. Оразакынқызы¹, А. Алмабекова²

¹PhD, асоц. профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, 050040, Республика Казахстан

²магистр филологии, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, 050000, Республика Казахстан
e-mail: ¹zhanat_2006@mail.ru

ФОРМИРОВАНИЕ КРЕАТИВНЫХ СПОСОБНОСТЕЙ У ОБУЧАЮЩИХСЯ

Данная статья рассматривает вопросы формирования творческих способностей у обучающихся. Также авторы статьи акцентируют внимание на современных технологиях применимых при формировании данных способностей. В современном преподавании гуманитарных дисциплин в число основных задач коммуникативного обучения входит развитие творческих способностей обучающихся. Это может проявляться как одна из форм процесса обучения ориентированного на специалистов, где необходимые задания мотивируют и способствуют активизации их творческих возможностей. Актуальность данной статьи заключается в том, что на сегодняшний день система высшего образования нуждается в специалистах обладающих творческими способностями, для более эффективной подготовки будущих специалистов в системе образования. Также следует отметить, что в статье проведен сравнительный анализ научной и исследовательской литературы по исследуемой проблеме и сделаны необходимые выводы о конструировании дальнейших подходов по данной проблеме и усовершенствованию системы формирования творческих способностей.

Ключевые слова: формирование, профессиональная компетентность, обучающиеся, процесс обучения, креативность.

ВВЕДЕНИЕ

В наши дни творческая личность становится востребованной обществом на всех ступенях ее развития. Различные изменения в жизни, происходящие за определенный отрезок времени, требуют от человека качеств, позволяющих творчески и продуктивно подходить к любым изменениям. Для того чтобы выжить в постоянно меняющихся обстоятельствах, чтобы адекватно на них реагировать, офицер должен активизировать свой творческий потенциал. Таким образом, появляется противоречие между репродуктивным характером

традиционно сложившейся системы обучения и насущной потребностью общества в креативной системе развития личности.

Период реформы высшего образования с увеличением доли самостоятельной учебной деятельности обучающихся в рамках государственных образовательных стандартов особенно остро стоит сегодня проблема педагогического формирования креативных способностей у обучающихся в период обучения в высших военных учебных заведениях.

В современном преподавании гуманитарных дисциплин в число основных задач коммуникативного обучения входит развитие креативных способностей обучающихся. Это может проявляться как одна из форм процесса обучения ориентированного на специалистов, где необходимые задания мотивируют и способствуют активизации их творческих возможностей.

Впервые термин «креативность» появился в конце 50-х годов в западной психологии, он определил способности индивида создавать новые понятия и формировать новые навыки.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Концепция креативности, как универсальной познавательной творческой способности, приобрела популярность после выхода в свет работ Дж. Гилфорда. Основанием этой концепции явилась его кубообразная модель структуры интеллекта: материал X операции X результаты PSOI (structure of the intellect). В этих работах он указывает на основное различие между двумя типами мыслительных операций: конвергенцией и дивергенцией. Конвергентное мышление (схождение) действует тогда, когда человеку, решающему творческую задачу, надо на основе множества условий найти единственно правильное решение. В этом значении Дж. Гилфорд сравнивал способность к конвергентному мышлению с интеллектом, который измеряется высокоскоростными тестами IQ.

Под дивергентным мышлением он предложил установить тип мышления, который работает в необходимых направлениях, допускает различные пути решения проблемы и приводит к определенным выводам и результатам.

Исходя из этого Дж. Гилфорд определил шесть критериев креативности:

- способность к обнаружению и постановке проблем;
- способность к генерированию большого числа идей;
- способность к продуцированию разнообразных идей;
- способность нестандартно отвечать на раздражители;
- способность усовершенствовать объект, добавляя детали;
- способность решать проблемы, т.е. способность к анализу и синтезу [1].

Таким образом, Дж. Гилфорд выделяет операцию дивергенции вместе с операциями преобразования и импликации в качестве основы креативности как общей творческой способности человека.

Однако не все исследователи интеллекта соглашаются с мнением Дж. Гилфорда. Некоторые из них пришли к выводу о слабой связи творческих способностей со способностями человека к обучению и интеллектом. Одним из первых на различие творческой способности и интеллекта указал Л. Терстоун [2]. Он определил, что в творческой активности важную роль играют особенности темперамента, способность быстро усваивать и порождать новые идеи (а не только критически относиться к ним). Творческие решения, по его мнению, приходят в момент релаксации, рассеивания внимания, а не в момент сосредоточения над решением проблемы.

Е. П. Торранс продолжил эти изучения и создал собственную программу развития творческих способностей обучающихся. Она состоит из несколько этапов. На первом – он развивал конвергентное мышление по Гилфорду, а на втором этапе – дивергентное мышление.

Под креативностью Е. П. Торранс понимает способность человека к обострённому восприятию недостатков, пробелов в знаниях, дисгармонии и т.д. По его мнению, творческий акт делится на восприятие проблемы, поиск решения, возникновение и формулировку гипотез, их проверку, модификацию и нахождение результата [3].

В связи с этим, он даёт следующую характеристику основным требованиям креативности: лёгкость – быстрота выполнения тестовых заданий, т.е. тестовые нормы аналогичны нормам теста скоростного интеллекта; гибкость – число переключений с одного класса объектов к другому в ходе ответов; оригинальность – минимальная частота данного ответа к однородной группе. Точность в тестах Торранса оценивается по аналогии с тестами интеллекта.

Е. Г. Алиева провела исследования, которые подтвердили, выводы Е. П. Торранса о том, что оригинальность и беглость тесно коррелируют между собой: чем больше ответов, тем они оригинальнее и наоборот [4].

Ученики и последователи Дж. Гилфорда и Е. П. Торранса М. Воллах и Н. Коган подвергли критике работы своих учителей, так как в проведенных ими исследованиях явно прослеживалась зависимость между уровнем интеллекта и уровнем креативности. Они пришли к выводу, что перенос тестовых моделей измерения интеллекта на измерение креативности ведет к тому, что такие тесты просто диагностируют уровень интеллекта (IQ), как и обычные тесты интеллекта. Исследователи выступили против жестких лимитов времени и атмосферы соревновательности при оценке креативности. Эти авторы разделяют исходную мысль Дж. Гилфорда о различии дивергентного и конвергентного мышления. По их мнению, для проявления творчества нужна непринужденная свободная обстановка. Они считают, что исследование и тестирование творческих способностей должны проводиться в обычных жизненных ситуациях, чтобы испытуемый мог иметь свободный доступ к дополнительной информации по предмету задания.

М. Воллах и Н. Коган предложили свою систему оценки развития креативности на основе использования тестовых методик. Они предоставляли обучающимся столько времени, сколько им было необходимо для решения задачи. Тестирование проводилось в ходе игры, так как мотивация достижений, соревновательная мотивация, мотивация социального одобрения блокируют самоактуализацию личности, затрудняют проявление ее творческих возможностей. С этих позиций интеллектуальные и креативные способности имеют связь не только на уровне свойств личности, но и на уровне целостного познавательного процесса.

Следовательно, креативность – это скорее совокупность различных способностей, каждой из которых индивид может обладать в различной степени. Творческие способности, по мнению английских психологов, есть генерализованные интеллектуальные способности, которые могут быть развиты по средствам соответствующей практики. Это «комбинация гибкости, оригинальности, чувствительности к идеям, которые позволяют думающему оторваться от обычных стереотипов мышления и использовать другие продуктивные пути решения поставленных задач. Результаты, которые удовлетворяют его самого и, возможно других».

Проблема отношения креативности и интеллекта возникла в тот момент, когда креативность была выделена в качестве самостоятельного понятия. Дж. Гилфорд полагал, что творческая одаренность включает в себя способности к дивергентному мышлению и к преобразованиям (IQ).

На формирование креативности влияют личностные особенности обучающегося, а также эмоциональные и мотивационные факторы. Вместе с тем в наши дни в отечественной психолого-педагогической науке не сложилось определенного мнения в отношении мотивационных характеристик креативности. Одни исследователи считают, что креативный индивид намерен наилучшим образом реализовать себя, максимально соответствовать своим возможностям, осваивать новые виды деятельности. Другие считают, что мотивация креативных способностей обучающихся основана на стремлении к риску, к проверке предела своих возможностей.

системно-ориентированных исследованиях отечественных психологов и педагогов (В. А. Кан-Калика, Я. А. Пономарёва, С. Ю. Степанова, Т. В. Фроловой, Б. Ф. Ломова, Д. Б. Богоявленской) можно встретить выводы о том, что творческая деятельность ярче и профессиональнее раскрывается при анализе личностной, регулятивно-коммуникативной и результативной подсистем креативной парадигмы.

Так, например, Б. Ф. Ломов полагает, что система психических явлений многоуровневая, и строится иерархически. Она включает ряд подсистем, имеющих разные функциональные качества. Среди них выделены три основные

взаимосвязанные подсистемы: когнитивная, в которой реализуется функция познания; регулятивная, обеспечивающая регуляцию деятельности и поведения; коммуникативная, формирующаяся и реализующаяся в процессе общения человека с другими людьми [5].

Деятельность преподавателя оказывает существенное влияние на развитие креативности обучающихся, так как в конечном итоге не знания и не отдельные умения обеспечивают развивающий эффект, а их воплощение в развитие способностей личности. Исследователь Е. Торранс определяет несколько факторов в деятельности преподавателя, которые положительно влияют на развитие креативных способностей обучающихся. Это признание ценности творческого мышления, развитие чувствительности обучающихся к стимулам окружения, свободное манипулирование объектами и идеями, умение дать конструктивную информацию о творческом процессе, развивать конструктивную критику, но не критиканство, поощрять самоуважение, рассеивать страх перед оценкой и т. д.

Стимульно-продуктивный или пассивный уровень. Представители этого уровня интеллектуальной активности, работают энергично и добросовестно, но остаются в диапазоне первоначально найденного способа действия. Их деятельность безинициативна. Она каждый раз стимулируется извне.

Эвристический уровень. Обучающиеся, имеющие данный уровень интеллектуальной активности характеризуются проявлением той или иной степени интеллектуальной инициативы, которая не стимулируется ни внешними факторами, ни субъективной оценкой результатов деятельности как неудовлетворительных. Обладатель такого уровня развития интеллектуальной активности способен оценивать состав и структуру своей деятельности, сопоставляет задачи, и это приводит к открытию новых более оригинальных способов решения. «Эврист» каждую новую закономерность анализирует как открытие, как творческую находку. Это продукт логического анализа, позволяющий углубиться в объект и взять из него что-то новое.

Креативный уровень интеллектуальной активности. Для обучающихся, которые обладают креативным уровнем, эмпирически обнаруженная закономерность становится не конечным пунктом мыслительного процесса, а самостоятельной целью дальнейшего исследования. Это осознаётся как важнейший фактор творчества и определяется во многих тестах на чувствительность. Такой обучающийся старается окунуться в глубь проблемы, хотя его никто не заставляет это делать. Он доводит объект познания до создания теории, которая объясняет природу фактов и пытается понять причины явлений. Таким образом, исчезает психологический барьер, который создает помеху обучающимся выходить за пределы заданной ситуации. В этом случае нет необходимости обязательного сравнения ряда ситуаций и можно ограничиться

решением всего одной задачи, но для которой необходимо найти доказательства феномена.

Определенное число обучающихся обладает интенсивной умственной деятельностью, а представители эвристического и стимульно-продуктивного уровней интеллектуальной активности характеризуются экстенсивной умственной деятельностью. Характерной особенностью каждого представителя является его техника к выполнению поставленной задачи. Так, человек со стимульно-продуктивным уровнем увеличивает темп работы в рамках заданного и механически репродуцирует свою деятельность в расширенном масштабе, эврист применяет всё новые и новые пути решения проблемы, а креативный человек изучает предмет всё глубже и глубже, определяя теоретические объяснения феномена.

Эксперименты, которые провела Д. Б. Богоявленская, показывают, что люди только с креативным уровнем развития интеллектуальной активности, попадая в ситуации усиленной внешней мотивации (личное соперничество), показывают стабильные, характерные для них в обычной ситуации стратегию и результаты деятельности. Обучающиеся, обладающие креативным уровнем интеллектуальной активности, более устойчивы к воздействию внешних условий.

По мнению большинства исследователей, креативные способности поддаются развитию. Особенно эффективно воздействие на ее формирование в сензитивные периоды (В. Н. Дружинин, Е. Л. Солдатова и др.).

Многими исследователями описаны особенности личности, обладающей креативными способностями. Так, например, Г. В. Бурменская и В. М. Слуцкий выделяют перфекционизм обучающихся – внутреннюю потребность совершенства, что часто приводит к критическому отношению собственных достижений и заниженной самооценке. В. М. Астапова отмечает высокий уровень тревожности, впечатлительности обучающихся с высоким уровнем креативных способностей. Е. Л. Барышникова обнаружила способность креативных индивидов ценить и воспринимать юмор. Е. Л. Барышниковой были исследованы особенности эмоционального состояния креативных личностей. Результаты этой работы позволили сделать вывод о том, что с ростом креативных способностей повышаются аффективность, тревожность, дезадаптация, депрессивные тенденции и др. Сюда же можно отнести организаторские способности, альтруизм, эмпатию и др.

Следует выделить, что отдельные исследователи разделяют креативность на потенциальную и актуальную. Так, например, Н. М. Гнатко рассматривает потенциальную креативность, как креативность додеятельностную, которая характеризует потенциальную предрасположенность человека в форме базовой готовности, к обретению актуальной креативности в определённых внешних

условиях, к проявлению творческой активности. Потенциальная креативность – это субъективное условие творчества.

Актуальная креативность – порождение взаимодействия индивидуальных характеристик потенциального креативного человека с характеристиками того или иного вида деятельности, обуславливающее актуальную, непосредственную готовность её носителя к проявлению творческой активности в соответствующем виде деятельности; актуальная креативность – достаточное субъективное условие творчества.

Потенциальную креативность можно охарактеризовать как креативность в возможности. Для того чтобы креативность в возможности стала креативностью в действительности – актуальной креативностью, первая должна быть сильно преобразована посредством освоения её носителем определённого вида деятельности. Но не все обучающиеся одинаково относятся к новшествам и воспринимают их.

Данная типизация с точки зрения решения задач настоящего исследования приемлема для анализа креативной деятельности специалистов, однако на занятиях офицеры встречаются не только с новым материалом, но и с уже известным из других учебных дисциплин, поэтому им приходится переносить знания из одной области в другую. Такое умение также необходимо учитывать при дифференциации специалистов на группы. Исходя из сказанного, считаем, целесообразным выделить следующие уровни развития креативных способностей у специалистов военного вуза: низкий, средний, достаточный, высокий. Преподавателю важно знать, к какому типу группы (ГГ) следует отнести обучающихся, чтобы определить им задания, способствующие развитию у них креативных способностей, при этом необходимо создавать благоприятные условия для их дальнейшего развития и успешного усвоения учебного материала на занятиях по гуманитарным дисциплинам.

ВЫВОДЫ

Вузовская практика свидетельствует, что важным условием развития креативных способностей обучающихся является создание обстановки творчества при обучении, так как только в этом случае возникает возможность проявления способностей в разнообразных видах учебной деятельности. Вместе с тем следует отметить, что важен вклад каждого индивида в общее дело, необходимо поощрение любознательности, развитие интересов, повышение мотивации, свобода высказывания и действий. Это способствует снижению уровня боязни сказать или сделать что-то, выходящее за рамки, устанавливаемые статичной, существующей системой обучения.

Наряду с названными существуют условия, положительно влияющие на улучшение креативных способностей у обучающихся. К ним относятся

признание ценности творческого мышления, развитие чувствительности у специалистов к стимулам окружения, свободное манипулирование объектами и идеями, умение дать конструктивную информацию о творческом процессе, поощрение самоуважение, рассеивание чувства страха перед оценкой и т.д.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

- 1 Гилфорд, Дж. Креативная акмеология. Психология высшего образования : Монография в 2-х частях. Изд. 2-е доп. и перераб. – Мн. : «Дэбор», 2008. – 242 с.
- 2 Терстоун, Л. Интеллект : новый взгляд // Вопросы психологии. – 2005. – № 1.
- 3 Торранс, Е. П. Психолого-дидактические основы творческого взаимодействия преподавателя и обучающихся в процессе учебного диалога. – СПб. : Изд. ЛОИРО, 2008. – 149 с.
- 4 Алиева, Е. Г. Творческая одаренность и условия ее развития // Психологический анализ учебной деятельности. – М. : ИП РАН 2001. – С. 7–17.
- 5 Ломов, Б. Ф. Методологические и теоретические проблемы психологии. – М., 2004. – 106 с.

Материал поступил в редакцию 17.09.19.

Ф. Оразакынқызы¹, А. Алмабекова²

Үйренушілердің шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру

¹әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., 050040, Қазақстан Республикасы;

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы.
Материал 17.09.19 баспаға түсті.

F. Orazakynkyzy¹, A. Almabekova²

Formation of creative abilities of students

¹al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, 050040, Republic of Kazakhstan;

²Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan.
Material received on 17.09.18.

